	орындаған соң сұрақтар қойып, талқылау өткізіп, денсаулық және физикалық жай-күй не екенін түсінуіне ықпал етіңіздер. **Тапсырманың дескриптерлері:** - жылдамдық пен үйлесімдіктің арнайы жаттығулар кешенін құрастырып көрсете алады; - жаттығуларды орындаған кезде аралық пен ара қашықтықты сақтайды; - жаттығуларды орындаған кезде бірде бір төртбұрышты өткізбейді; - жаттығуларды қатесіз орындайды. **Формативтік бағалау:** Мұғалім «бағдаршам» әдісін қолданады (әр түсті дөңгелек карточкалары): жасыл – тамаша, сары – жақсы, қызыл – қанағаттанарлық. Ойын "Үшінші-артық". Алдымен қуатын және қашатын"үшінші артық" ойыншыларды таңдайды. Барлық ойнайтындар жұптарға бөлініп, бірінің артына бірі тұрып екі шеңбер құрады. Сонымен қос шеңбер болып шығады. Ойын алдында қуатын оқушы шеңберлердің ортасында тұрады, ал қашатын сыртында. Дабыл бойынша қуушы ойынды бастайды. Қашушы тек қана шеңбердің сыртымен жүгіре алады, ал қуушы шеңбердің ішімен де жүгіре алады. Кез келген сәтте қашушы ойыншы тұрған бір жұптың алдына тұрады. Бұл жағдайда үшінші-«артық» ойыншы ойынды жалғастырады, оның орнына қашады. Осылайша, барлық ойыншылар қашуға дайын болуы тиіс, өйткені жағдай ойын алаңында қойылуы мүмкін кез келген уақытта. Бір мезгілде жүгіруге тек екі ойыншы (қуушы және қашушы) мүмкін. Қуушы қашушыны ұстаса, олар орындарымен ауысады. Ойын барлық ойыншылар толық шаршағанша ойналады. Кішкентай қулықтар: - шеңбер кішіреймес үшін қашушы бір жұптың алдына тұрғаннан кейін жұптар бір қадам артқа жылжыйды;		ҚБ «От шашу»	

	- қашушы шаршамау үшін тез арада бір жұптың алдына тұруы керек. **Тапсырманың дескриптерлері:** - қауіпсіздік техникасын сақтайды; - ойын кеңістігінде бағдар жасай алады; - қашушы шеңберден алыстамайды; - қашушы шеңбердің ортасынан жүгіріп өтпейді. **Формативтік бағалау:** Мұғалім оқушыларға бін бірі бағалау әдісін қолдануға ұсынады («бас бармақ» әдісі): бас бармақ жоғары – тамаша, бас бармақ – көлденең – жақсы, бас бармақ төмен – қанағаттанарлық.			
Сабақтыңсоңы	**Кері байланыс «Ойлаудың бес гүлі»** Мен білдім ..... Мен үйрендім ..... Маған ұнады ..... Маған ..... қиын болды Менің көңіл-күйім ..... **«Алма ағашы» әдісі.** Жасыл түсті алма – мен бүгін бәрін жақсы орындадым деп ойлаймын: менің көңіл-күйім көтеріңкі. Қызыл түсті алма – мен тапсырманы орындай алмадым, менің көңіл-күйім жоқ.	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.		Рефлексия парағы

Бөлім				
Педагогтың аты-жөні	«Балдәурен» РОСО филиалы Оралбаев Берік Сәбденбекович			
Күні				
Сынып 9	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны		
Сабақтың тақырыбы	Жеке, топтық, командалық тактикалық әрекеттер			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.1.5.1 - кең ауқымдағы дене жаттығуларының түрлі тактикаларын, стратегияларын және композициялық идеяларын құру, талдау және салыстыра білу			
Сабақтың мақсаты	Шағын ойын тапсырмалары бойынша топтарда қауіпсіз жұмыс істеу. Негізгі шабуылдау стратегиялары мен тактикаларын бәсекелестік ойында қолданудың түрлі жолдарын ашу және табу. Шабуыл кезінде шығармашыл болу қажеттілігін түсіну.			
Бағалау критерииі	Бастамашылық, қиялдылық және шығармашылықты көрсететін озық қорғаныс және шабуыл тактика және стратегияларды дамыту. Озық шабуыл және қорғаныс стратегия және тактикаларды талдау және сынау.			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Басы	Оқушылармен сәлемдесі. Түгендеу. **"Миға шабуыл".** Оқушыларды «Бағдаршам» түстеріне байланысты(қызыл, сары, жасыл) үш топта бөліп, үш топқа бірдей сұрақ беру. Сұрақ: Денсаулық дегеніміз не?, Дені сау адам қандай болуы керек?, Сіздер денсаулықты қалай күтесіздер? Үш топ өзерінше жұмыс жасап, постер қорғайды. Барлық оқушылар сұрақ-жауап арқылы, жұмысқа тартылуы қажет. Дене шынықтыру сабақтарында оқушылар өз денсаулықтарын қалай сақтаулары керек? Жарақаттың болдырмау себептері қандай? Содан кейін, мұғалім сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын таныстырады.	Оқушы өз жұбын табады Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап орындайды	Қол шапалақ	бейнематериалы https://www.youtube.com/watch?v=td98ss3MwuE

	Оқушылар бірлесіп, қыздырыну жаттығуларын орындайды. - Жүру жаттығулары; - Жүгіру жаттығулары; - Жалпы денені дамыту жаттығулары. Жаттығуларды орындап болғаннан кейін, оқушыларға тақырыпқа сай, тапсырмалар беріледі. Оқушылар іс-әрекеттермен танысып, топта бірлесіп жұмыс жасауға кіріседі.			
Ортасы	1. Ойыншылар 2 командаға бөлінеді. Тапсырма: Жалаушаны жерге қадай отырып, 9-12 метрлі диаметр шеңбер сызылады және сол шеңбердің бойында мәре, сөре сызығы белгіленеді. Белгі бойынша қатысушылар бірдей ішкі сызықтың бойымен сағат тіліне қарсы жүгіре бастайды. Әрбір бір айналымнан немесе екі айналымнан кейін бақылау сызығынан соңғы өткен ойыншы ойыннан шығып отырады.Шеңберді айнала жүгіргенде шыдамдылығы төмен оқушылар азайып отырады. Ойын соңында ең шыдамды, ең жылдам ойыншы жеңіске жетеді. **Дескриптор:**1. сағат тіліне қарсы жүгіру; 2. шеңбер ішінде жүгіру; 3. көп уақытқа дейін ойында қалу. 2. Оқушылар екі топқа бөлініп, қысқа қашықтыққа 60 м жүгіруді орындайды: - Қысқа қашықтыққа жүгіру техникасы туралы түсінік жасау; - Старта тұру ережесін қайталау; - Старттан дұрыс шығу әдісін орындау ; - «Сөреге!», «Дайындал!», «Жүгір» командаларын орындауға дағдылану; - Жеке ерекшеліктерді ескере отырып, жүгіру техникасын жетілдіру; - Арақашықтықты жылдам жүгіріп өтуге дағдыландыру; - Мәреге жеткенде жылдамдықты асыра жүгіріп өтіп, 5-10 м кейін тоқтауды үйрету. Оқушылардың назарын денсаулыққа қатысты тәуекелдерге аудару. Еске салайық, жүгіру кезінде, әр кім өз жолымен жүгіру және қауіпсіздік сақтау қажет. Жарақат алмас үшін, жақсы қыздырыну.	Жүгіру барасында арнайы ережелерді сақтайды Қашыққа топпен жүгіреді	Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау ҚБ «От шашу»	Жаттығулар көрсетілімі материалдар Мектеп алаңы, ысқырық, уақыт өлшегіш және конуста

	Дескрипторлар: *- Жүгіру кезінде қауіпсіздік техникасы сақтайды;* *- Жүгіру кезіндестарттан шығуды дұрыс көрсетеді;* *- Мәреге жеткенде жылдамдық асыра жүгіре өтіп, тоқтайды.*			
Сабақтыңсоңы	**Аралдар әдісі»** оқушылардың көңіл-күй, эмоция-сезімдік жай күйін көрсетеді. Өз қайығын аралдарға апарып салады. **«Білім теңізіне қайықты жіберіңіз»** әдісі Тақырыпты жақсы меңгердім деп есептеген балалар өз қайығын «Білім» теңізіне жібереді, ал өзіне сенімсіз балалар «Жағалауда» қалады.	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.		Рефлексия парағы

Бөлім				
Педагогтың аты-жөні	«Балдәурен» РОСО филиалы Оралбаев Берік Сәбденбекович			
Күні				
Сынып 9	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны		
Сабақтың тақырыбы	Топта ойын- сауық ойындарын құру			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.2.8.1 - түрлі қимыл-қозғалыс негіздерінен туындаған рөлдерді бағалау және бейімдей білу			
Сабақ мақсаттары	Жарыста төрелік ету ережелерін меңгеру және түсіну мен қолдану.			
Бағалау критерийі	Қызықты ойындардарға байланысты баламалы нұсқаларын анықтау және қолдана білу, бірлескен жұмыс арқылы бірқатар төрелік жасау сапасын дамыту жолдарын қарастыу.			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Басы	Уақытты жоспарлау: **Дайындық бөлім:** Спорттық киімдеріне назар аудару. Сәлемдесу. Жаңа сабақ түсіндіру, өтілу барысымен таныстыру. **Қатардағы жаттығулар.** Бұрылыстарды біркелкі орындау. Аяқтың ұшын, өкшесін дұрыс пайдалану. Жүрістегі жаттығулар. Жаттығуларды біркелкі, дұрыс орындау. **Жүрістегі жаттығулардан жүгірістегі жаттығуларға көшу.** Баяу жеңіл	Оқушыларшаттықшеңберінқұрады.Мұғалімніңқойған сұрағынажауапбереді.Бір-бірінеәдемісөздерайтады. Біз тату-тәттіміз.	**«Алдығы оқуда» күлегештер арқылы бағалаймын**.	**Суреттер, қима сөздер**

	жүгіру. Арақашықтықты сақтау. Қол кеуденің алдында, аяқтың ұшымен жүгіру. Мұрынмен тыныс алу. Жүгірістегі жаттығулар. Бірте- бірте ақырындап жүріске көшу. Кең тыныс алу. Жүрісте үш лекпен бұрылып үш қатарға тұру. **Жалпы дамыту, жетілдіру жаттығулары.**	Бізбақыттымыз! Әркүнімізқуанышқа толы.		
Ортасы	Мұғалім баскетбол ойынынан үзінді көруді ұсынады (сілтеме). **(** Көрген бейнебаянды талқылау**:** - Сары майкадағы команда шабуыл жасағанда қандай тактикалық әрекеттер жасайды? (мұғалім ойынның нақты үзіндісін көрсетеді). - ақ майкалы команда қорғаныста қандай стратегиялар қолданды? (мұғалім ойыннның нақты үзіндісін көрсетеді). Әрі қарай суреттер (1 команда баскетбол добының суреті, екінші команда волейбол добының сурет») арқылы сыныпты екі қомандаға бөледі. Ойын үшін: 3. «Допты 10 рет беру» (№3 қиықша). *Тапсырмаларға дескрипторлар:* *- қарсылас команда алып қоймас үшін 10 рет допты өз командаластарына беру керек* *- доптьы екі қолмен жүргізуге болмайды* 4. «Пингвиндер жүгірісі» » (№4 қиықша). *Тапсырмаларға дескрипторлар:* *Әр оқушы:* *- аяқтын ортасына баскетбол добын қыстырады* *- баскетбол қалқанын айналып келеді* *- жүгіріп өткен қатысушылар лектің соңына тұрады.* Мұғалім ойынды талқылауды ұсынады. - ойын барысында қандай тактикалық әрекеттер қолдандыңдар? - қандай стратегиялар қолдандыңдар? - ойын жағдайында барлығы жүзеге асты ма? -ойын барысында қандай қиындыққа тап болдыңдар? Әрі қарай мұғалім командаларға ойын барысында «қарсыластарының» қолданған тактикалық әрекеттері мен стратегияларына қалыптастырушы бағалау жүргізуді сұрайды.	Оқушылар екі қатарға бөліп қарама-қарсы тұрғызып жұппен жаттығу жасау. Жүгіру барасында арнайы ережелерді сақтайды Қашыққа топпен жүгіреді	Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау **ҚБ** «Бәрекелді, әттеген-ай»	Әрбір тапсырма үшін үлкен бос кеңістік. Мұғалімге арналған ысқырық. Аумақты белгілеу үшін фишкалар/конустар.Үлкен бос кеңістік, ысқырық, арақашықтықты шектеуші фишкалар.

	ФБ смайликтар арқылы орындалады: (өте жақсы – көнілді, жақсы – күлімсүреп, нашар - жылайтын). Барлық ойыншылар екі командаға бөлінеді. Командалардың ішінде нөмірлер тәртібі бойынша саналу жүргізіледі. Командалардың әрбірінен тең қашықтықта бір доптан жатыр. Мұғалім еркін түрде ойыншының нөмірін атайды. Аталған нөмірлер жүгіріп шығады, доптарын көтереді және оны белгіленген сызыққа дейін жетелейді (оған дейінгі қашықтық екі команда үшін бірдей болуы керек), одан кейін кері бұрылып, допты жүргізумен бірге оралады және доптарын бастапқы қалпына қояды. Жеңімпаз өзінің командасына 1 ұпай әкеледі. Оқушылар «**Соқыртеке»** ойынын ойнайды (соқыр, жабайы «теке»). Бұл ойын ойынның барысында және одан кейін талқыланатын болатын тактиканы талап ететінін түсіндіріңіз. Оқушыларды үш топқа бөліңіз. Әрбір топта бір оқушыныңкөзі байланады (соқыр, жабайытеке). Осы топтағы қалған оқушылар олардың айналасына белгілі бір аумақта жиналады және көзі байланған ойыншыға тиісуге әрекет жасайды, бірақ ұсталынып қалмауы керек. Егер оқушы жүргізгішті ұстап алған болса, ол жаға жүргізгіш болады. Оқушылар тактиканы талқылау үшін, командада жұмыс істейотырып, әлеуметтік дағдыларын дамытады. Одан кейін олар, пайдаланған тактикасын, өздерін тиісуден қорғау үшін бейнелейді, ал «жүргізгіш» болса олардың еркін оқушыларды ұстап алу үшін қандай тактикасын пайдаланғандығын ойлауы керек. «соқыртеке» ойыны			
Сабақтыңсоңы	Кері байланыс 1.Сіз үшін жаңа ақпарат... 2.Не қиын болды? 3.Не оңай болды? 4.Нені ескеруім керек?	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.		Рефлексия парағы

	«Менің ең жақсы көретін сәнді киімім» тақырыбында диалог құрастыру. Дыбыс үндестігіне талдау			

Бөлім				
Педагогтың аты-жөні	«Балдәурен» РОСО филиалы Оралбаев Берік Сәбденбекович			
Күні				
Сынып 9	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны		
Сабақтың тақырыбы	Топта ойын- сауық ойындарын құру			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.2.8.1 - түрлі қимыл-қозғалыс негіздерінен туындаған рөлдерді бағалау және бейімдей білу			
Сабақтың мақсаты	.Қозғалыс белсенділігіне байланысты, қыйындықтарға төтеп беру және қауыпке жауап қайтару қарапайым дағдыларын дамыту.			
Бағалау критерииі	қозғалыс комбинацияларын құрып қолдана алады; жылдамдық пен үйлесімдіктің арнайы жаттығулар кешенін құрастырып көрсете алады.			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Басы	Оқушыларды сабақ мақсатымен таныстыру. Бағалау критерилерін бірлесіп анықтау. Оқушыларды екі топқа бөлу. Оқушылар топта талқылап, ұсыныстар береді: Оқушылар барлық дене мүшелеріне арналған жаттығуларды орындайды, жаттығулар құралмен де құралсыз да орындалады. Олар сыныппен, шағын топта,жұппен өз тандауларына сай орындайды.	Оқушы өз жұбын табады Әдіс арқылы қайталау	Қол шапалақ	Мектеп алаңы, ысқырық, ноутбук, уақыт

		Сұрақ жауап орындайды		өлшегіш және конустар.
Ортасы	Әрі қарай мұғалім дененің құрысын жазу және денеге түсетін ауырлыққа ағзаны даярлау үшін түрлі бұлшықет тобына жаттығулар жасауға сынып көшбасшысын таңдайды**.** Стратегия дағдыларын қалыптастыру үшін ойындар құрастыру. Мұғалім оқушыларды ойын ережелері және стратегиялармен таныстырады Содан кейін «сұрақ-жауап» әдісі арқылы кері байланыс жүргізеді. Ойыншылардан үшнемесе төртқатарлас сапқа тұрады. Олардың арақашықтығы 2 м, ал саптағы ойыншылар арасында- 1 қадам. Саптағы бас ойыншылар бір қысқа секіргіштен алады. Белгі бойынша олар секіргіштің бір шетін артында тұрғанға береді, екі ойынша секіргішті саптағы ойыншылардың аяқтарының астынан өткізеді. (секіргіш жерге тиетіндей дерлік болу керек). Сапта тұрғандар секіргіштен серікеді. Бас ойыншы саптың соңында қалады, ал секіргішті жүргізуге көмектескен ойыншы (екінші номір) алға жүгіреді. Ол секіргіштің бір шетін үшінші ойыншыға беріледі, олар тағы барлық сапта тұрған балалардың аяқтарының астынан секіргішті өткізеді. Енді саптың соңында екінші ойыншы қалады, ал үшінші саптың алдына жүгіреді тағы солай жалғаса береді. Ойын барысында барлық ойыншылар секіргішті жолдастрының аяқтарынан астынан өткізу керек. Ойынның басында бірінші тұрған оқушы (секіргішті жоғары көтеріп) ойынды аяқтайды. Өз орнына келіп аяқтайды. **Негізгі эстафеталық ойын** Бұл ойынға әр командадан үш ойыншыдан шығады. Залдың екі жағында тұрып, бір-бірден залды айналып жүгіріп, келесі ойыншыға таяқшаны береді. Қай команда этафетаныбұрынаяқтайды, сол команда жеңскежетеді. **Доппенжарыс**	Жаттығуларды құрастырып болғаннан соң оқушылар ғаламтордан сол жаттығуларға ұқсас нұсқасын тауып, өз жаттығуларымен салыстырып, басқа топтармен талқылап, біреуін таңдап іс-тәжірибеде көрсетеді	Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау ҚБ «Бағдаршам» ҚБ «От шашу»	Мектеп алаңы, ысқырық, ноутбук, уақыт өлшегіш және конустар.

	Бірінші бала екі баскетбол добынқолтығынақысыпалып, межегежүгіріпбарады да, бірдоптықалдырып, екіншідоптыкелесіойыншығаәкеліпберед. Келесіойыншыбірдоппенбарып, екіншідопты ала келеді. Ойыносылайжалғасабереді. Тапсырманың дескрипторлары; - оқушылар қауіпсіздік ережелерін сақтады - оқушвлар ойын ережелерін сақтады - ынтымақтастықта қиындықтар болған жоқ **ФБ** Смайликтер арқылы орындалады(өте жақсы – күліп тұрған, жақсы – күлімсүреп тұрған, жаман- жыламсырап тұрған). **Рефлексия.** Сабақтың соңында оқушылар сары түсті стикерлерге жаңадан алған ақпаратты жазып өз пікірлерін білдіріп мұғалемге тапсырады. **Үй жұмысы:** Ғаламтор арқылы бестас асық ойынның жарыстарын көріп талқылау. Бестас асық ойыны туралы эссе жазу.			
Сабақтыңсоңы	Кері байланыс 1.Сіз үшін жаңа ақпарат... 2.Не қиын болды? 3.Не оңай болды? 4.Нені ескеруім керек?	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.		Рефлексия парағы

Бөлім				
Педагогтың аты-жөні	«Балдәурен» РОСО филиалы Оралбаев Берік Сәбденбекович			
Күні				
Сынып 9	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны		
Сабақтың тақырыбы	Топта ойын- сауық ойындарын құру			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.2.8.1 - түрлі қимыл-қозғалыс негіздерінен туындаған рөлдерді бағалау және бейімдей білу			
Сабақтың мақсаты	.Қозғалыс белсенділігіне байланысты, қыйындықтарға төтеп беру және қауыпке жауап қайтару қарапайым дағдыларын дамыту.			
Бағалау критерииі	қозғалыс комбинацияларын құрып қолдана алады; жылдамдық пен үйлесімдіктің арнайы жаттығулар кешенін құрастырып көрсете алады.			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Басы	Сыныптың жиыны. Сәлемдесу, бағалау критерийлерді және оқу мақсатын хабарлау. Мұғалім дене шынықтыру сабағының маңыздылығы мен спортпен шұғылдану оның ішінде үйлесімді жеке даму, денсаулықты нығайту туралы әңгіме жүргізеді. Әңгімелесу кезінде мұғалім оқушыларға сұрақ қояды: дене дағдыларын күнделікті өмірде қалай қолданамыз? Сыныпты 2 бағанаға сапқа тұрғызу. Жүру, мұғалімнің тапсырмасы бойынша: жай жүру, аяқтың ұшымен, өкшемен, тізені биік көтере, жай жүру. Жүгіру, бір қалыппен. Мұғалімнің белгісі арқылы жүгірудің бағытын өзгертеді. Жүру, денені қалыпқа келтіру.	Оқушы өз жұбын табады Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап орындайды	Қол шапалақ	Тренинг жазылған парақшалар

	Ж.Д.Ж. қозғалыста. Жаттығуларды орындау кезінде сынып арақашықтықтарды сақтау керек. Кеудені жерден көтеру, қолды бүгіп жазу. А.Ж.Ж және жылдамдыққа жүгіру.			
Ортасы	**(**Кедергілер алабы. Мұғалім оқушыларға кедергі алабынан бірнеше рет өту туралы түсіндереді. Қайта өту кезінде оқушы жақсы нәтиже көрсету керек. Басты критерий болып қауіпсіздік ережелерін сақтау болады. Кедергілер алабы: 1) Жеті рет орында отырып, тұру. 2) Отырып, артымен жүру. 3) Бес рет кеудені жерден көтеру, қолды бүгіп жазу. 4) Тізіліп тұрған конустар арқылы «жылан» тәріздес жүгіру. 5) «Батпақ». Бір аяқпен бір құрсаудан екінші құрсауға секіру. 6) Жүгіру жанымен. 7) Нысанаға дәлдікпен лақтыру. 8) Жылдамдық. Оқушы қалыпқа келтіру жаттығуларының жиынтығын өткізеді. Мұғалім оқушылардың арасынан кедергі алабынан жақсы өткен оқушыны таңдап алады. Ол оқушы басқа оқушыларға кедергілер алабынан қалай өткені туралы түсіндіріп, көрсетеді. Қайтадан кедергілер алабынан өту. Дескрипторлар: жігерлік сапаны тәрбиелеу, спорттық шеберлікті көтеру, өз серіктестеріне көмегін тигізу. Әрі қарай мұғалім дененің құрысын жазу және денеге түсетін ауырлыққа ағзаны даярлау үшін түрлі бұлшықет тобына жаттығулар жасауға сынып көшбасшысын таңдайды**.** жүгіруде, орыныда). Стратегия дағдыларын қалыптастыру үшін ойындар құрастыру. Мұғалім оқушыларды ойын ережелері және стратегиялармен таныстырады Содан кейін «сұрақ-жауап» әдісі арқылы кері байланыс жүргізеді.	Жаттығуларды құрастырып болғаннан соң оқушылар ғаламтордан сол жаттығуларға ұқсас нұсқасын тауып, өз жаттығуларымен салыстырып, басқа топтармен талқылап, біреуін таңдап іс-тәжірибеде көрсетеді	Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау ҚБ «Бағдаршам» ҚБ «От шашу»	Мектеп алаңы, ысқырық, ноутбук, уақыт өлшегіш және конустар.

	Тепе-теңдікті сақтауға арналған жаттығулар бөрененің немесе гимнастикалық орындықтың үстінде орындалады. -бөрененің үстінен қолды екі жаққа соза алға,артқа жүріп өту; -сол аяқпен бір адым ілгері аттап,екі қолды екі жаққа соза қарлығаш бейнесін жасау; -оң аяқпен бір адым ілгері аттап,сол аяқты алға соза тізені бүгіп отыру және екі қолды екі жаққа созу; -екі оқушы «қыл көпірдің» (гимнастикалық бөрененің) үстінде қарама-қарсы келе жатып екеуі де құлап қалмай өтіп кетуі үшін, қарсы келген екі оқушы бір-бірін иығынан немесе белінен ұстап, оң аяқтарын бөрене үстіне қарама-қарсы қойып,оңға айнала бұрылып,сол аяқтарымен әркім өз бағытына қарай жүріп кете беру; -бөрене үстімен жүріп келе жатып,допты лақтырып қағып алу; -бөрене үстімен тез адымдап,жүгіріп өту; «Сиқырлы таяқша» ойынын ойнату			
Сабақтыңсоңы	Кері байланыс 1.Сіз үшін жаңа ақпарат... 2.Не қиын болды? 3.Не оңай болды? 4.Нені ескеруім керек?	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.		Рефлексия парағы

Бөлім				
Педагогтың аты-жөні	«Балдәурен» РОСО филиалы Оралбаев Берік Сәбденбекович			
Күні				
Сынып 9	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны		
Сабақтың тақырыбы	Әртүрлі бұлшық еттерді қалпына келтіру жаттығулар жиынтығын құрастыру			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.3.3.1 - түрлі дене жаттығуларын іс жүзінде орындау, олардың ағзаға тигізетін әсері мен энергетикалық жүйемен байланысын түсіндіру және сипаттау			
Сабақтың мақсаты	**Барлық оқушылар орындай алады:** **Түрлі дене жаттығуларын реттреттілігін біледі, жаттығуларды іс-жүзінде орындай алады.** **Оқушылар көпшілігі орындай алады:** Түрлі дене жаттығуларды нормативке сай орындайды, олардың ағзаға тигізетін әсерін түсінеді**.** **Кейбір оқушылар орындай алады:** Дене жаттығуларды нәтижеге орындап энергетикалық байланысын түсіндіріп сипаттап бере алады.			
Бағалау критериі	Оқушылар өз ағзасына түскен салмақты анықтай алуы. Орындау техникасын жетілдіруі. Қойылған мақсатқа өзінің көзқарасын білуі.			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**

Басы	**Сапқа тұрғызамын. Сәлемдесемін.** Сабаққа дайындығын тексеремін. Тізім бойынша түгендеймін.Өтетін сабақтын жалпы мақсатымен танысады, қауіпсіздік ережесімен таныстырамын.**« Мазайка» әдісі** -арқылы суреттерқолданып,сабақ тақырыбымен таныстыру Саптық жаттығу жасату. Музыка қосу арқылы оқушыларды секіртпемен, секірту арқылы дене қыздыру. Жұпқа бөлу арқылы жұппен созылу жаттығуларын орындау.	Оқушы өз жұбын табады Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап орындайды	Қол шапалақ	Тренинг жазылған парақшалар
Ортасы	**«Миға шабуыл»- әдісі** Оқушыларға сұрақ қою арқылы білімдерін толықтырып, түрлі дене жаттығуларды түсіндіру. 1.Қолға арналған қандай жаттығ түрлерін білесің? 2.Қолда қандай бұлшықеттер болады? «Ойлан-Жұптас-Бөліс»ә дісі арқылы 1. Бицепс 2. Трицепс 3. Делта 4.Пресс 5.Груд 6.Щея алты топқа бөлінеді. «Аялдама » әдісі Кросфит жаттығуларын беру 1. кермеде тартылу 2. Жатып дене көтеру	Белгі бойынша топтын бірінші ойыншылары, белгіленген жалаушаға дейін, қапшықпен қосаяқтап секіріп барып,секіріп қайтады. Келесі ойыншыға қапшықты жылдам тапсыруы керек. Ойын осылай жалғасады.	Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау	фишкалар, бағалау парақтары, секіртпе, шеңбер, қапшық, гимнастикалық орындықтар, төсеніш, қағаз доптары, себет, стикерлер.

	3. Жатып дене бүгу 4. Жатып гриф көтеру 5. Биіктікке секіру 6. Екі қолмен гір көтеру Әр жаттығу 45 сек. жасалынады жұппен аусуға 15 сек. Осы жаттығуды екі мәрте қайталаймыз. Жаттығуды бір мәрте орындаған соң 2 мин демалыс беріледі. Жаттығу біткенсоң оқушылар жүрек қағысын тексереді. **Бағалау критерийі** *Білім алушы* 1.Жаттығу кезінде көшбасшы анықталады, оқушылар бір-бірін сақтандырып үйренеді. **Дескриптор;** Білім алушы 45сек. ішінде жаттығуды тоқтамай жасау керек, әр жаттығу кемінде 10 реттен. - кермеде тартылады - Жатып дене көтереді - Жатып жене бүгу -жатып гриф көтеру -Биіктікке секіру -Екі қолмен гір көтеру - Жүрек қағысын тексереді; Жаттығуларды ретімен орындауды қадағалайды.		ҚБ «Бағдаршам» ҚБ «От шашу»	Техника қауіпсіздігін сақтау.

Сабақтыңсоңы	**Бағдаршам» әдісі арқылы өзіндік бағалау** **Жасыл-барлығы дұрыс** **Сары- қателер бар** **Қызыл-дұрыс болмады** **Рефлексия «Таңдау мен себеп»** 1.Мен сабақ *қызықты, қызықсыз* болды деп ойлаймын, себебі... 2. Мен сабақта: көп нәрсені, *үйрендім, үйренгенім аз* болды, себебі.... 3. Мен басқаларды *мұқият зейінсіз* тыңдадым, себебі.... 5.Мен сабақтағы өз жетістіктеріме *ризамын риза емеспін, себебі ....* **Үйге тапсырма:** **Қабілеті жақсы және жоғары оқушылар орындайды:** суретте берілген көлік түрлерінің екеуін таңдап, сипаттамалық мәтін жазады. **Қабілеті орта оқушылар орындайды:**суретте берілген көлік түрлерінің біреуін таңдап, сипаттамалық мәтін жазады. Бағалау. Топ басшысының бағасы.	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.		Рефлексия парағы

Бөлім				
Педагогтың аты-жөні	«Балдәурен» РОСО филиалы Оралбаев Берік Сәбденбекович			
Күні				
Сынып 9	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны		
Сабақтың тақырыбы	Әртүрлі бұлшық еттерді қалпына келтіру жаттығулар жиынтығын құрастыру			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.3.3.1 - түрлі дене жаттығуларын іс жүзінде орындау, олардың ағзаға тигізетін әсері мен энергетикалық жүйемен байланысын түсіндіру және сипаттау			
Сабақтың мақсаты	Барлық бұлшық еттерді шынықтыру және дамыту .			
Бағалау критерииі	Оқушылар спорт ойындары арқылы физикалық қасиеттерін дамытады; Ойын кезіндегі тактика мен стратегияларды құрып талдайды Оқушылар қиялынан спорт ойыны элементтері бар ойын құрастырады			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Басы	**Сабақ басында:** • Оқушылардың зейін шоғырландыру; • спорт ойындары туралы бейнематериал көрсету, оқушыларға сұрақ қою: Сабақ тақырыбы, оқу мақсаты қандай деп ойлайсыз? • Оқушылармен бірге сабақ мақсаттарын, оқу мақсаттарын анықтап алу; • Сабақ соңында күтілетің нәтижелерге тоқталу; • Добыппен орындалатын денені қыздыруға арналған жүру, жүгіру кезіндегі жаттығуларды орындау; • Арнайы созылу жаттығуларын өткізу	Қойылған сұраққа өз ойын айту, жауап беру. Қозғалмалы бой жазу жаттығулары - Қолды жоғары ұстап аяқ ұшымен жүру. - *1.*	Қол шапалақ	Футболдобы, ысқырық,уақыт өлшегіш,жалауша.

Ортасы	**Негізгі бөлім:** Бой жазу жаттығулары -Баспен мойын бұлшық еттеріне дамыту жаттығулары. Бір қалыпта екі қол белде басты оңға-солға қозғалту және алға-артқа қозғалту басты оңнан-солға карай 4рет,солдан-оңға қарай 4рет айналдыру арқылы жасалатын жаттығулар. -Иық бұлшық еттеріне арналған дамыту жаттығулары. Бір қалыпта тұрып екі колды белге қойып 1інші оң иықты алға қозғау 2інші сол иықты алға қозғау 3інші оң иықты артқа қозғау 4інші сол иықты артқа қозғалту арқылы жасалатын жаттығулар. -Белге арналған жаттығулар. Екі колды белге қойып оңға қарай 4рет айналдыру, солға қарай 4рет айналдыру жаттығулары. -Аяққа және табанға арналған жаттығулар. Екі қолмен екі тізеден ұстап ішке 4 рет, сыртқа 4 рет тізені айналдыру жаттығулары.Екі қолды белге қойып оң аяқты тобықты айналдыру ,сол аяқты тобықтан айналдыру Табан астына таяқшаны қойып әрлі-берлі жүргізу жаттығулары. Мұғалім өзінің немесе оқушылардың таңдауы бойынша спорт ойынының элементтері бар командалық ойын құрастыру тапсырмасын беруі қажет.	Белгі бойынша топтын бірінші ойыншылары, белгіленген жалаушаға дейін, қапшықпен қосаяқтап секіріп барып,секіріп қайтады. Келесі ойыншыға қапшықты жылдам тапсыруы керек. Ойын осылай жалғасады.	Топ белсендісі анықталып, топ басшысы болып тағайындалуы ҚБ «Бағдаршам» ҚБ «От шашу»	Мұғалімге арналған ысқырық, конустар, теннис доптары. Келесі сілтеме бойынша шағын допты лақтыру технкасын оқыту әдістемесі берілген: Теннис доптары, мұғалімге арналған ысқырық, бор, фишкалар, жалауша, өлшеуіш құралдары.
Сабақтыңсоңы	**Рефлексия** Талқылаулар арқылы ойындардағы әріптестік ынтымақтастықтың пайдасы мен белсенді қызметтен денсаулық үшін әлеуетті пайданы қарастырыңыз. Сұраңыз: командада жақсы жұмыс жасадыңыз ба? **«Үшінші ойыншы артық»** ойында кім болғысы келді және ол қалай жасады?	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.		Рефлексия парағы

	Дене шынықтыру дайындығының қандай компоненттері осы белсенділікті дамытады? (мысалы, төзімділік, жылдамдық). Дене жүктемесі денсаулыққа пайдалы ма Сабақ мақсаттарымеңгеру мақсаттары жүзеге асырымды болды ма? Бүгін оқушылар нені үйрендіндер? Оқыту ортасы қандай болды?			

Бөлім				
Педагогтың аты-жөні	«Балдәурен» РОСО филиалы Оралбаев Берік Сәбденбекович			
Күні				
Сынып 9	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны		
Сабақтың тақырыбы	Әртүрлі бұлшық еттерді қалпына келтіру жаттығулар жиынтығын құрастыру			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.3.3.1 - түрлі дене жаттығуларын іс жүзінде орындау, олардың ағзаға тигізетін әсері мен энергетикалық жүйемен байланысын түсіндіру және сипаттау			
Сабақтың мақсаты	Спорттық спецификалық жаттығулар орындау кезінде қыймыл дағдыларын шыңдау. Спорттық спецификалық қыймылдардың орындау жүйелілігін жетілдіру, шыңдау. Спорттық спецификалық жаттығулар техникасын орындау кезінде дағдылардың жүйелігін жалпылау.			
Бағалау критерииі	Барлық оқушылар техникалық тұрғыдағы спорттық жаттығуларды орындай алады және дағдыларды жетілдіре алады. Көптеген оқушылар спорттық арнайы қыймыл жаттығуларын орындау кезінде, қыймыл жүйелілігін сақтай отырып, дағдыларды шындайды. Кейбір оқушылар спорттық спецификалық жаттығуларды орындауда дағдыларды жалпылай отырып, қыймылдар жүйелілігін сақтайды.			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Басы	Оқушыларды сабақ мақсатымен таныстыру. Бағалау критерилерін бірлесіп анықтау. Оқушыларға бір іс – әрекетті орындау алдында міндетті түрде дене мүшелерін қыздыру керек екенің ескертеміз. Оқушыларға жалпы дамыту жаттығуларын жұппен, бірнеше топпен орындауға болады.	Оқушы өз жұбын табады Сұрақ жауап орындайды	Қол шапалақ	Ысқырық, секундомер, плакат, түрлі түсті маркерлер

Ортасы	Оқушылар жұпқа бөлініп, лақтыруға арналған бірнеше бастапқы, көмекші жаттығуларды орындайды. 1. Бастапқы тұрыс аяқтың арасы кең, бір – біріне жанмен тұрады. Оқушы өзінің әріптесіне баскетбол добын денесін бұру арқылы лақтырады. Осы жаттығуды 10 – 20 рет қайталау керек. 2. Бастапқы тұрыс екі оқушы бір – біріне қарама – қарсы тұрады. Бірінші нығыздалған допты (2 кг) оң немесе сол қолмен астынан лақтырады. Лақтыру алдында жартылай отырады. Әріптесі допты екі қолмен ұстап, бір қолмен лақтырып қайтарады. 3. Екі оқушы бір – біріне қарама – қарсы отырады. Бірінші оқушы нығыздалған допты (1 кг) кеуде тұсынан өзінің әріптесіне лақтырады. Оқушылардың ара – қашықтығы дайындық деңгейлеріне байланысты орнатылады. Тапсырманы орындау барысында қауіпсіздік ережесі ескертіледі. **«Лақтыру және жүгіру».** Оқушылар екі командаға бөлінеді. Одан бөлек әр команда екі топқа бөлініп бір – біріне қарама – қарсы тұрады. Сәйкесінше қарама – қарсы тұрған кезде, бірінің артына бірі тұрады. Екі топтың ара – қашықтығы 6 – 8 метр. Бірінші топқа доп беріледі. Белгі бойынша, бірінші тұрған оқушы допты жоғары тұсқа көтеріп, допты лақтыру керек. Доп 3 – 4 метр белгіленген жерге тиіп, қарама – қарсы тұрған команданың ойыншысының қолынан табылу керек. Екінші топтың оқушысы дәл солай қайтарады. Допты лақтырғаннан кейін, оқушы қарама – қарсы жақта орналасқан топтың артына тұрады. Мұғалім оқушылардың дұрыс лақтырғаның қадағалайды. Ережені бұзған командаға айып ұпайы беріледі. Өз орнына бірінші болып жеткен топ жеңіске жетеді. Ойын кезінде доп белгіленген нүктеге жету керек. Екі топтың ара – қашықтығы жас ерекшеліктеріне сәйкес өзгереді. Ойынның ұзақтығы мұғалім анықтайды. Допты белгіленген нүктеге тигізбеген үшін айып ұпайы беріледі. Допты тек бастан асырып лақтыру керек.	Ережені бұзғандар ұсталған болып есептеледі. Қауіпсіздік ережесін сақтау Ойынның ережесін басшылыққа алу,әдістемлек нұсқау беру.	Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау **ҚБ**: Мұғалім тарапынан жүретін бағалау «Ауызша мадақтау	Доптар: түрлі мөлшер, текстура, түс, салмақ, т.б. Доптар (түрлі мөлшерлі). Нысана ретінде түрлі қайта өңделе алатын заттар қолданыла алады: пластикалық саптаяқ / шөлмектер, картон туба / жәшіктер.
Сабақтыңсоңы	**Қалыптастырушы бағалау. «Социаграмма» әдісі:** **Тапсырма**: оқушылар сабақтан қаншалықты дәрежеде тың мәліметтерді алғанын шәкіл тұсына белгілейді**.** Кері байланыс	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына		Рефлексия парағы

	Оқушылар сабақта алған білімдерін қорытындылау үшін «Білемін, білгім келеді, үйрендім» (ББҮ стратегиясы) кестесін толтырады.	байланысты кері байланыс жасайды.		

Бөлім				
Педагогтың аты-жөні	«Балдәурен» РОСО филиалы Оралбаев Берік Сәбденбекович			
Күні				
Сынып 9	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны		
Сабақтың тақырыбы	Стайерлік жүгіру дағдысын дамыту			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	9.1.3.1 - арнайы спорттық техникаларды орындау кезіндегі дағдылар мен реттілікті түрлендіре білу			
Сабақтың мақсаты	**Барлық оқушылар келесіге қабілетті:** Орта қашықтыққа жүгіру дағдыларын қалыптастырады - денені қыздыру және қалпына келтіру жаттығуларының кешенін құрады **Оқушылар көпшілігі келесіге қабілетті:** - денені қыздыру және қалпына келтіру жаттығуларының кешенін құра алады және көрсетеді.			
Бағалау критерииі	Орта қашықтыққа жүгіру үшін денені қыздыру және қалпына келтіру жаттығуларының кешенін құрады және көрсетеді, Денені қыздыру және қалпына келтірудің маңыздылығын түсінеді.			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Басы	***I.*** **Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі** **Мұғалім айтады: «Біз пәндерді кіріктіруді, қозғалу дағдыларын, дене қасиеттерін қауіпсіздік ережесін сақтау мен сабақ тақырыбы бойынша айту арқылы дамытуды жалғастырамыз».** **Мұғалім Сіздер үшін денсаулықты сақтау нені білдіреді деп сұрақ қояды.** **Мұғалім оқушыларды сабақ тақырыбымен, күтілетін нәтижелермен және сабақ мақсаттарымен таныстырады.** Күтілетін нәтижелер *- қауіпсіздік ережесін біледі.* *-төменгі сөре және сөрелік екпін техникасын түсінеді.* **-техника қауіпсіздігінің күрделі мәселелерін түсінеді және біледі.;** II**. Мұғалім сабақтағы қауіпсіздік техникасын еске салады.**		Қол шапалақ	Ұялы телефон

	(П) « Кішкене өзен арқылы» **Алаңда бір-бірінен 1,5метр -2метр қашықтықта екі линия белгіленеді. Бұл – өзен. Орталарына дөңгелектер қойылады.** **Ойнаушылар сызықтың жанында – өзеннің жағасында тұрады. Олар өзеннен дөңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біріне секіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан екі-үш бала өтеді, ал қалғандары оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді – орындыққа отырады. Кейін олар ойынға қайтып араласады.** **<u>Оқушылар бір-бірін бағалайды</u>** **Оқушылар тамырдың ырғағын санайды.** **Мұғалім дененің құрлысын жазуды ұсынады. Мұғалім оқушылармен бірге алдағы ауыр дене жүктемесіне ағзаны дайындау үшін түрлі бұлшық ет топтарын ширатып шынықтыру үшін көшбасшыны таңдайды.** *Денені ширатып шынықтырғаннан кейін мұғалім оқушыларға «Көңіл-күй ағашы» стратегиясы бойынша жаттығудан кейінгі көңіл-күйді анықтауды ұсынады.* **Мұғалім сұрақ қояды:** - *сіз таңдаған көңіл-күйлеріңізді қалай түсіндіруші едіңіз?*			
Ортасы	**Практикалық тапсырма** Топтарға бөлініп, ептілік пен жылдамдық қасиеттерін дамытатын «Асық талас» ойынын ойнап, топпен бірлесе жұмыс жасаңыз. Оқушылардың таңдауы бойынша спорт ойынының элементтері бар командалық ойын құрастыру. **Тапсырманың дескриптерлері:** - қауіпсіздік техникасын сақтайды;	Ара қашықтықты толық алу Денені дұрыс ұстау, басты толық айналдыру.	Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау	Кең ойын алаңы, ысқырық, фишкалар, бор, конустар.

- ойын кеңістігінде бағдар жасай алады; - мұғалімнің командаларын мұқият тыңдайды;
- қуушылар тек қана өз жұптастарын ұстайды.

Бағалау критерий	Дескрипторлар
	Оқушы:
• Ойыннан кейіне өзінің қателіктерін атайды және қателіктермен жұмыс жасайды • Топта жұмыс жасау барысында өзінің физикалық қасиет сапасын жақсартады	- жылдамдықты, ептілікті, дәлдікті дамытуға арналған жаттығуларды көрсетіп орындайды;
	- қимыл-қозғалыс белсенділігі арқылы жеңіске жету жолдарын айтып береді және көрсетеді.

Оқушылар топтарда төрт адамнан жұмыс жасап, конустармен белгіленген үшбұрыштың тура жақтарымен 60 м қашықтықты 15 секундта жүгіріп өтуге тырысады. Оқушылар жүгірудің басынан дұрыс қарқынды ұстауға тырысады. Олар үшбұрыштың келесі нүктесіне жүріп немесе аяң-жортақпен барады. Жүгірушілер қажет қарқынды сезу үшін, сол қашықтықты және қажет уақытты екі немесе үш рет қайталаңыз.

Кешенді эстафета. Сыныпты топқа бөліп, қашықтыққа кедергілерді қою. Эстафетаның бір айналымы 400 м. Оқушылар сөреден кезекпен шығып, келесіге эстафетаны береді.

Белгі бойынша оқушылар бірінші кезеңге жүгіреді, бір-бірінен параллелді



орналасқан 3-4 кедергінің астынан өтіп, келесі кезеңге жүгіреді, белгілі кезекте орналасқан фишкалардан өтеді. Үшінші кезеңде оқушылар гимнастикалық орындықтың үстінен жүгіріп өтеді, төртінші кезеңде гимнастикалық ағаш аттың астынан өтеді, бесінші кезеңде гимнастикалық орындықтың үстінен жүгіріп өтіп, үстінен секіріп түсіп, тағыда үстінен кері бағытта жүгіріп өту. Алтыншы

Денені тік ұстау ережелерін сақтайды

Белді кең шеңбермен айналдыру

Денені тік ұстап толық иілу ережесі арқылы жүгіру ді көрсетеді

оқушылар түсінігін талқылау, көрсету топтық ойын жақсарту туралы белсенділігі туралы әлеуметтік дағдыларды түсіну және көрсету қауіпсіздік ережесін жұмыс барысында сақтайды;

Бағалау парақшасын толтырады.

ҚБ

Жүгіру алаңы, төменгі сөреге арналған сөрелік тірегіш, ысқырық, фишкалар, бор, конустар. Алыс қашықтықта рға жүгіру техникасы интернет ресурсына сілтеме:

	кезеңде сызылған шеңберлердің ішіне аяқпен дәл басып, жүгіріп өтеді де, келесі қатысушыға эстафетаны береді. Бірінші болып аяқтаған команда жеңіске жетеді. **Дескриптор :** - *60 м қашықтыққа жүгіредіі;* -*жүгіоу алдында денені қыздыру жаттығуларын орындайды;* - *жүгіру кезеңдерімен қашықтықты орындайды;* **Бағалау:** тапсырманы орындағаннан кейін мұғалім оқушыларға **өзара бағалау** жүргізуді ұсынады. **Мұғалім сұрақ қояды:** - Алыс қашықтықтарға жүгіру сіздің ағзаңызға қалай әсер етеді? - Осы тапсырма қандай дене қасиеттерді дамытады? Мұғалім, оқушыларды дұрыс жолға бағыттайды және қандай да бір қиыншылықтар мен тіл проблемалары туралы ескертулер жазып алады (спорт терминологиясы және т.б.) Мұғалім кейде оқушыларға ынталандырушы сұрақтар қойып, олардың қаншалықты тапсырманы орындаумен айналысып отырғанын тексереді. Қажетті жағдайда мұғалім келіспеушілік жағдайында мәселені дұрыс шешуге талпынады.			
Сабақтың соңы	Кері байланыс Оқушылардың өз тәртіптеріне рефлексия жасауды мобильдендіру (мотивация, әрекет тәсілдері, қарым-қатынас). Оқушылар стикерге мына сұрақтарға жауап жазады: 1. Маған сабақта не ұнады. 2. Маған немен жұмыс істеу керек? 3. Смайл арқылы өзінің көңіл-күйін бейнелейді және стикерді күн бейнесіндегі тақтаға жапсырады.	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.		Рефлексия парағы

Бөлім				
Педагогтың аты-жөні	«Балдәурен» РОСО филиалы Оралбаев Берік Сәбденбекович			
Күні				
Сынып 9	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны		
Сабақтың тақырыбы	Стайерлік жүгіру дағдысын дамыту			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.1.3.1 - арнайы спорттық техникаларды орындау кезіндегі дағдылар мен реттілікті түрлендіре білу			
Сабақтың мақсаты	1. Дене жаттығуларын орындау барысында, денсаулыққа байланысты қауіптілікті анықтау. 2. Жіңіл атлетка жаттығуларын орындау барысында, қауіпсіздік ережені білу, сақтау. 3. Денсаулықты нығайту үшін, сауытрудың жүгіру түрлерінің пайдасын түсіну.			
Бағалау критериі	Барлық оқушылар жеңіл атлетикаға арналған жаттығуларды орындау барысында, қауіпсіздік ереженің талабын біледі Көп оқушылар, жүгіруге арналған жаттығуларды орындау барысында, тәуекелге бару жолдарының болатының анықтап береді. Кейбір оқушылар, сабақ кезінде қауіпті жағдайларды алдын алу жолдарын біледі, қолданады.			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Басы	Сапқа тұрғызу, кезекшіден рапорт қабылдау, бұрылыстарды орындау жаттығулары; оңға, солға, айнал. Жүру және жүгіру барысындағы жаттығулар:Қолды көтеріп аяқ ұшымен жүру,қол белдікте өкшнмен жүру,отырып екі жаққа секіру,жәй жүгіру,тізені жоғары көтеріп қолды тигізіп жүгіру,қолды жамбасқа қойып аяқты қолға тигізе жүгіру,қолды белге қойып аяқты алға сермеп жүгіру,оң және сол йықпен жүгіру,арқамен жүгіру,бұрыштан бұрышқа жылдам жүгіру,саппен	Оқушы өз жұбын табады Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап орындайды	Қол шапалақ	Әр жаттығу үшін кең, таза кеңістік,ысқ ырық , конус, секундомер, интерактивті

